**8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Кусайнова Маржангүл Амантаевнаның «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| № | Критерилер | Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет) | Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу |
|---|---|---|---|
| 1. | **Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді** | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1. Кусайнова Маржангүл Амантаевнаның 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру», «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобалар шеңберінде орындалған. Жобалардын басты мақсаты: жас ұрпаққа сапалы білім беру, қазақ халқының әдет-ғұрпын, ұлттық өнерін, дәстүрлерін меңгерте отырып, оларды оқушылардың бойына дарыту, ұлттық мінез-құлық, қадір-қасиетін қалыптастыру. | |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | **Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, өйткені диссертациялық зерттеуде** бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологияның мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген, ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастардың ғылыми-теориялық алғышарттары аныктақталған, ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделі жасалған. | |
| 3. | Дербестік принципі | Диссертациялық зерттеуді орындау кезіндегі дербестік деңгейі жоғары. Докторанттың дербестігі педагогикалық, психологиялық және экономикалық әдебиеттермен, сондай-ақ нормативтік және заңнамалық құжаттармен жұмыс істеу кезінде көрініс тапты. Автор теориялық материалмен жұмыс істеуі, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу, нәтижелерді талдау | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | және деректерді статистикалық өңдеулері дербестігін дәйектейді. | |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу:<br>1) негізделген;<br>Диссертацияның өзектілігі негізделген. Барлық алынған нәтижелер ішкі бірлікте сипатталады. Қойылған міндеттерді шешу барысы мен нәтижелерін егжей-тегжейлі көрсететін диссертацияның барлық бөлімдері зерттеудің бірыңғай әдістемесіне бағынады, ғылыми аппаратпен сауатты әзірленген диссертацияға сәйкес қисынды құрылған. | |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:<br>Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты диссертация тақырыбына сәйкес келеді.<br>«Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологияның ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде «ұлттық құндылық» және «ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негізі» ұғымдарының мәндік сипаттамасы, ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастың алғышарттарына сараптама жасалып және ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделі жасалды. «Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің деонтологиялық әдістемесі» атты екінші бөлімінде бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық моделінің жүзеге асу тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексерістен өткізілген. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері жинақталады: қолданылған диагностикалық құралдар сипатталған, зерттеудің анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды эксперименттері диссертация тақырыбына және ғылыми аппаратқа сәйкес келетін зерттеуді ұйымдастыру мен әдістері ұсынылған. Қорытындыда жүргізілген зерттеудің әр бөлімі бойынша теориялық және практикалық нәтижелері қорытылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың көрінісі орын тапты. Қосымшаларда зерттеудің практикалық материалдары ұсынылды. | |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | келеді, атап айтқанда ғылыми зерттеудің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерін теориялық негіздеу, моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибеде тексеру.<br>Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатқа жету үшін қажетті негізгі қадамдардың дәйектілігін ашады және бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері арқылы зерделеуге бағытталған. | |
| | | 4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары қисынды түрде өзара байланысты. Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты тақырыптың мазмұны ашылатын оның барлық компоненттерінің байланысын көрсетеді. | |
| | | 4.5 Осы тақырыпты зерттеу барысында докторант бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері мәселесін талдауға сын көзбен қарайды.<br>Өйткені, зерттеу барысында алынған нәтижелер ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі деонтология мүмкіндіктерді ашып көрсетуге арналған.<br>Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені зерттеудің ғылыми-теориялық негіздемесі бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің моделін жасауға, оның құрылымдық критерийлері мен көрсеткіштерін анықтауға, педагогикалық қоғамдастыққа кең ауқымда бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздеріне жолдар мен тәсілдері бойынша бірқатар ғылыми негізделген әдістемелік әзірлемелерді ұсынуға мүмкіндік береді. | |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа.<br>*Бірінші тұжырымның жаңалығы*-ұлттық құндылықтарға негізделген бастауыш мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеудің деонтологиялық проблемасының ғылыми негіздемесі бар. Ұлттық құндылықтардың мәні мен мазмұны педагогикалық тұрғыдан анықталды.<br>*Екінші нәтиженің жаңалығы*, «ұлттық құндылықтар» және «ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиенің деонтологиялық негізі» | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | нақтыланды.<br>*Үшінші нәтиженің жаңалығы*-ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің құрылымдық-мазмұнды моделі жасалды.<br>*Төртінші нәтиженің жаңалығы*-ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып, бастауыш сынып оқушыларын оқыту әдісі әзірленді, оның тиімділігі эксперименттік жұмыстармен расталды. | |
| | | 5.2 Диссертацияның тұжырымдары жаңа, толық ойды, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін көрсетеді. | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа, автор жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесіне бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірледі, негіздеді және енгізді. | |
| 6. | Негізгі тұжырымдардың негізділігі | Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген. | |
| 7. | Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер | Әр ережеге сәйкес келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Қорғауға жататын принциптер дәлелденген. Дәлелдер зерттеудің негізгі теориялық принциптері, эксперименттік деректерді талдау, зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеу, диссертациялық зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігі болып табылады.<br>7.2 Қағидалар тривиалды емес, өйткені олар алғаш рет қорғауға шығарылады.<br>7.3 Иә, диссертациялық зерттеудің ережелері жаңа болып табылады.<br>Бірінші нәтиже жаңа, өйткені автор бұрын педагогикалық ғылым тұрғысынан қарастырылмаған бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудегі деонтология мүмкіндіктеріне теориялық талдау жүргізді.<br>Екінші нәтиже жаңа, отандық педагогика тарихындағы деонтологиялық тәсілдің алғышарттары қарастырылды және ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі деонтологиялық дайындықтың мәні ашылды.<br>Үшінші нәтиже жаңа, жалпы білім беретін мектептер үшін алғаш рет ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің моделі жасалды.<br>Төртінші нәтиже жаңа, эксперимент | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қорытындысы жаңашылдық талаптарына жауап береді, өйткені эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің моделін жүзеге асырудың тиімділігін растады.<br>7.4 Қолдану деңгейі теориялық зерттеулер мен эксперименттік жұмыстардың нәтижелері бойынша кең. Ол ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде ғана емес, сонымен қатар педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру саласында да қолданыла алады.<br>7.5 Иә, дәлелденді, өйткені негізгі принциптер, зерттеу нәтижелері, тұжырымдар автордың 15 ғылыми еңбегінде жарық көрді: SCOPUS дерекқорына енгізілген журналда 1 мақала, ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған басылымдарында 5 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 7 мақала.<br>Сонымен қатар, 1 оқулық, 1 электронды оқу құралы жарық көрді. | |
| 8. | Шынайылық принципі Дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың шынайылығы | 8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдістеме толық сипатталған<br>1) теориялық, әдіснамалық және практикалық дәлелдемелер; зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігі; зерттеу пәні мен міндеттеріне сәйкес қолданылатын әдістер жиынтығы; эмпирикалық материалды статистикалық өңдеу, әзірленген жұмыстарды бастауыш мектеп тәжірибесіне енгізу. | |
| | | 8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды:<br>1) иә, өйткені қалыптастырушы эксперимент кезінде эксперимент тобындағы оқушыларға «Ұлттық қазына» вариативтік курсы өткізілді. Курс аясында ұлттық құндылықтарға негізделген бастауыш сынып оқушыларын деонтологиялық негізде тәрбиелеу үшін дидактикалық материалдар мен жұмыс дәптерлері әзірленді, бұл ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру үшін жаңа ақпарат көзі болып табылады. «Ұлттық қазына» электронды оқулығы, «Ұлттық қазына» мобильді қосымшасы әзірленді және тәжірибеде қолданылды. Бұл оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтарын арттырды. | |
| | | 8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | экспериментттік зерттеулермен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар саласындағы дайындық бағыттары бойынша нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):<br>1) иә, өйткені педагогикалық эксперимент нәтижесінде жоғары деңгейдегі көрсеткіштер артты, бұл оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген ерекше жанашырлығының пайда болуымен, олардың санасында ұлттық құндылықтар туралы идеялардың шоғырлануымен байланысты болды. Жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижесінде эксперименттік топ оқушылары арасында оң өзгерістер байқалды. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. | |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. | |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар:<br>1) ғылыми жұмысты жазу барысында отандық педагогика тарихындағы ұлттық тәрбие беруде деонтология мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделді, алғышарттары анықталды. | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:<br>1) иә, себебі бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ұлттық қазына» вариативтік курсының бағдарламасы, «Ұлттық қазына» электрондық оқулығы, «Ұлттық қазына» мобильдік қосымшасы әзірленіп, практикаға енгізілді, бұл оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы мен ұмтылысын арттыруға көмектеседі.<br>Зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейі мен қызығушылығын арттыру үшін, сондай-ақ мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. | |
| | | 9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа, яғни,<br>– «Ұлттық қазына» вариативтік курсының бағдарламасы, «Ұлттық қазына» электронды оқулығы және «Ұлттық қазына» мобильді қосымша білім беру процесіне негізделген;<br>– «Ұлттық қазына» ретінде ұсынылған әдістеме бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында білім беру процесінде қолданылады;<br>– Бастауыш сынып мұғалімдері мен сынып жетекшілері үшін бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері бойынша | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тұрақты жұмыс істейтін семинар ұйымдастырылды;<br>– Егер мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының жоспарына бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері мәселесі енгізілсе, онда деонтология негізінде бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу процесі тиімді жүзеге асырылады. | |
| 10. | Жазу және безендіру сапасы | Академиялық жазудың сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс осы типтегі жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалды. | |

8D01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кусайнова Маржангүл Амантаевнаның «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі логикалық құрылған, құрылымдалған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Қорыта келе, Кусайнова Маржангүл Амантаевнаның «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын, Комитет алдында философия докторы Ph.D. дәрежесін беру үшін Комитетке ұсынамын.

Ресми рецензент:
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының профессор м.а., п.ғ.к. А.М. Жубандыкова

HR қызметі
HR служба

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба